



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

12. 10.2022 № 6 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2022 жылғы 12 қазандағы  
қаулысы

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының 2020 жылғы 26  
тамыздағы № 527/71-VI «Нұр-  
Сұлтан қаласының аумағында  
жалпыға ортақ пайдаланылатын  
автомобиль жолдарына бөлінген  
белдеуінде (белдеуден тыс), үй-  
жайлардан тыс ашық кеңістікте  
сыртқы (көрнекі) жарнаманы  
орналастыру ережелерін бекіту  
туралы» шешімінің орындалу  
барысы туралы**

Бланк серийлық номеріз жаралмасыз  
Бланк без серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 26 тамыздағы № 527/71-VI «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуінде (белдеуден тыс), үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру ережелерін бекіту туралы» (бұдан әрі – Ережелер) шешімінің орындалу барысы туралы мыналарды атап өтеді.

Ережелерді іске асыру шеңберінде атқарушы органдар хабарламасыз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнаманы және ғимараттар (құрылышжайлар) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, ғимараттарға (құрылышжайларға) өзге заттай құқықтары бар тұлғалардың келісімінсіз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізеді. Бұл жұмыс фотофиксация арқылы жүзеге асырылады.

2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша елорданың 16 құрамдас бөлігі, оның ішінде көшелер, даңғылдар бойынша жұмыстар жүргізілді, онда хабарламасыз орнатылған 1252-ге жуық сыртқы (көрнекі) жарнама

объектілері анықталды. Анықтау кезінде жарнама таратушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді, бірлескен күш-жігермен 602 жарнама объектісі бөлшектенді.

Салық органына 11 003 084 теңге сомасына салық төлеушілер туралы мәліметтер жіберілді. Анықталған хабарламасыз орналастырылған 201 сыртқы (корнекі) жарнама объектілері бойынша ақпарат Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес тиісті шаралар қабылдау үшін «Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ жіберілді.

2021 жылғы 12 ақпанда Тұрақты комиссия Ережелердің орындалу барысы туралы отырыс өткізді, оның нәтижесінде ұсынымдар берілді, алайда жауапты мемлекеттік органдар оларды толық көлемде орындаған жоқ.

Мәселен, жергілікті атқарушы органға одан әрі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне жіберу үшін, заңнамаға жарнаманы көлік құралдарында, шет тілдерінде, мобиЛЬДІ дербес жарнама қондырғыларында орналастыру туралы және сыртқы жарнаманы хабарламасыз орналастырғаны үшін айыппұл салу бойынша өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізу ұсынылған.

Бұл ұсыным орындалмады, бұл ретте Астана қаласы әкімдігінің ШЖК «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» МҚК (iKomek 109 орталығы) ақпаратына сәйкес 2022 жылдың басынан «Жарнамалық және сәндік конструкция кедергі келтіреді» деген тұжырыммен 206 шағым түскен. Шағымдардың көшілілігі мобиЛЬДІ дербес жарнамалық қондырғыларға қатысты болған.

Сондай-ақ дыбыспен сүйемелденетін жарнаманы және аэродинамикалық ұрлемелі фигуralарды орналастыруға, бейнебақылау камералары мен басқа да технологияларды пайдалануды қоса алғанда, тиісті хабарламасыз орналастырылған жарнаманы анықтау жөніндегі шаралар жүйесін өзірлеуге қатысты ұсынымдар орындалмаған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес мәслихаттардың құзыретіне тиісті органдарға мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың лауазымды адамдарын мәслихат шешімдерін орындағаны үшін жауаптылық тарту туралы ұсынымдар енгізу жатады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 26 тамыздағы №527/71-VI «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына белгінген белдеуінде (белдеуден тыс), үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (корнекі) жарнаманы орналастыру ережелерін бекіту туралы» шешімінің орындалу барысы туралы ақпарат назарға алынсын.

**2. Астана қаласының әкімдігіне:**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 26 тамыздағы №527/71-VI «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуінде (белдеуден тыс), үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру ережелерін бекіту туралы» шешімін орындау бойынша жұмысты күшету;

одан әрі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне жіберу үшін, заңнамаға жарнаманы көлік құралдарында, шет тілдерінде, мобиЛЬДІ дербес жарнама қондырғыларында орналастыру туралы және сыртқы жарнаманы хабарламасыз орналастырғаны үшін айыппұл салу бойынша өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу.

Астана қаласының Полиция департаментімен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Астана қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен бірлесіп, дыбыспен сүйемелденетін жарнаманы және аэродинамикалық үрлемелі фигуralарды орналастыруды бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат, сондай-ақ кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар беру;

нормативтік күкірткыштық актілердің талаптарын сақтамай орналастырылған объектілерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға тыйым салу;

бейнебақылау камераларын және басқа технологияларды пайдалануды қоса алғанда, тиісті хабарламасыз орналастырылған жарнаманы анықтау жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу;

жарнама орналастырғаны үшін төлемекінің өндіріп алу бойынша салық органына жіберілген хабарламаларды қарау нәтижелеріне талдау жүргізу;

заңсыз жарнаманы анықтау жөніндегі жұмыс тобының құрамына әкімдіктің барлық құзыретті құрылымдық бөлімшелерін енгізу және осы бағыттағы жұмысты күшету ұсынылсын.

3. Жауапты атқарушы органдар осы қаулының орындалуы жөнінде ақпаратты қалалық мәслихатқа а. ж. 12 қарашаға дейін ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы орындалмаған жағдайда Астана қаласы әкімінің атына лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту туралы ұсыныс енгізілетін болады.

5. Осы қаулының орындалуы бойынша ағымдағы жылғы 20 қарашадан кейін тұрақты комиссияның отырысы өткізілсін.

**Отырыс төрағасы –**

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылымы, экология, көлік, сауда және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның  
мүшесі**

F. Тәжімұратов